

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРІ



МИНИСТР
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Астана қаласы,
«Министрліктер үйі»

город Астана,
«Дом министерств»

Құрметті Жамбыл Талхаұлы!

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан және өз атымнан 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Құрылыс ғылымдары саласындағы Қазақстан мен шетелге танымал білікті ғалым-академик, ғылым және жоғары білім беру жүйесінің креативті ұйымдастырушысы, тәжірибелі педагог-ұстаз ретінде Сіз еліміздің ғылымы мен білімінің дамуына сүбелі үлес қосып келесіз.

Еңбекқорлығыңыз, ғылымға деген үздіксіз талпынысыңыз, қоғамдық белсенділігіңіз бен азаматтық қасиеттеріңіз Сізді халқымыздың сый-құрметіне бөленген ірі тұлға ретінде ерекшелейді.

Ғылым мен жоғары білім саласындағы қажырлы еңбегіңіз кемеліне келген кезеңде, жоғары мектеп пен халық шаруашылығына парасатты ізбасарларды тәрбиелеудегі дарындылығыңыз бен шеберлігіңіз ерекше атап өтуге тұрарлық. Дайындаған ғылым кандидаттары, магистранттар мен докторанттарыңыз бүгінде еліміздің ғылым, жоғары білім және өндіріс салаларында табысты еңбек етуде.

Құрметті Жамбыл Талхаұлы, Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт пен береке тілейміз! Өзіңіздей абыройлы Ел ағасы, мерейлі Ғалым-ұстаз, ғылым мен білімнің сарқылмас қайнар бұлағындай болып ортамызда жүргеніңіз – біз үшін зор қуаныш!

Ізгі ниетпен,

Саясат Нұрбек